

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 240 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 қаңтарда № 3262 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарда "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңына сәйкес Түпқараған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Түпқараған аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (А. Исатаева) 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшерін көзделген қаржыландыру жоспары шегінде қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. "Түпқараған аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (А. Утесбаева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Түпқараған ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Түпқараған ауданы әкімінің орынбасары Т. Алтынгалиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Асауов

Түпқараған ауданы әкімдігінің

2016 жылғы "21" желтоқсан

№ 240

қаулысына қосымша

	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдарда ж қаржыландырудың бір айдағы мөлшері
--	---	---

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы топтар	Балабақша (мемлекеттік)	Балабақша (жекеменшік)	Мектеп жанындағы толық күн болатын шағын орталық	Мектеп жанындағы жарты күн болатын шағын орталық	Дербес толық к ү н болатын шағын орталық	Дербес жарты к ү н болатын шағын орталық	Балабақша (мемлекеттік)	Балабақша (жекеменшік)	Мектеп жанындағы толық күн болатын шағын орталық
1	1-ден 3-ке дейінгі топтар	150	205	125		175		30535	35071	18246
2	4-тен 5-ке дейінгі топтар	520						27 019/ 26295		
3	6-дан 7-ге дейінгі топтар	700						25815		

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК